


**Қазақстан Республикасы бойынша 2020 жылғы 5 айдағы инфекциялық және паразиттік аурулар бойынша эпидемиологиялық ахуал**

Республика бойынша 2020 жылғы 5 айда инфекциялық және паразиттік аурулар бойынша эпидемиологиялық ахуал тұрақты болып сипатталады.

2020 жылғы 5 айда Республика халқының арасында тырысқақ, іш сүзегі, паратиф, оба, туляремия, күйдіргі, пастереллез, дифтерия, қызамық, полиомиелит, сіреспе, құтырма, висцералды лейшманиоз, безгек аурулары тіркелмеді.

2019 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 57 инфекциялық және паразиттік нозология бойынша сырқаттанушылықтың төмендеуіне қол жеткізілді, оның ішінде серозды менингит 3,9 есеге, іріңді менингит 3,5 есеге, қызылша 2,8 есеге, сальмонеллез 38,7% -ға, энтеробиоз 45,5% -ға, желшешек 41,1% -ға, бруцеллез 38,7% -ға, аскаридоз 36,5% -ға, дизентерия 34,3% -ға, шегеллез 33,8% -ға, созылмалы вирусты гепатит 33,7% -ға, ротавирусты энтерит 27,2% -ға, туберкулез 19,5% -ға, эхинококкоз 7,5% -ға, менингококк жұқпасы 2 жағдайға (1-сурет).




**1 – сурет.** 2019- 2020 жж. 3 айында Қазақстан Республикасында төмендеуі байқалған инфекциялық және паразиттік аурулардың салыстырмалы сипаттамасы (100 мың адамға шаққандағы көрсеткіш)

«COVID-19» жұқпасының 11186 жағдайы, листериозбен, амебиозбен,

трихоцефалезбен, тениозбен, дифиллоботриозбен сырқаттанушылықтың бірлі-жарым оқиғалары тіркелді.

Сонымен қатар, талданып отырған кезеңде Республикада ботулизм 3 есеге, жіті вирустық гепатиті 1,6 есеге, қышшыма 24,3 - ға, педикулезбен сырқаттанушылықтың 13,1%-ға өсуі байқалуда (2-сурет).



2 – сурет. 2019- 2020 жж. 3 айында Қазақстан Республикасында өсуі бойқалған инфекциялық және паразиттік аурулардың салыстырмалы сипаттамасы (100 мың адамға шаққандағы көрсеткіш)

***Инфекциялық және паразиттік аурудың жұғуына және ары қарай өршуіне жол бермеу үшін сақтық шараларын сақтау керек:***

- Салауатты өмір салтын ұстану (толыққанды ұйықтау, таза ауада дем алу, белсенді демалу, теңгерімді, дәруменге бай тамақтану), бұл организмге кез келген инфекцияға қарсы күресуге көмектеседі;
- Сатып алынған өнімдердің орамасында көрсетілген жарамдылық мерзімін мұқият тексеру;
- Жеке гигиена ережелерін қатаң сақтау (тамақты дайындар алдында және тамақ ішердің алдында, жануарларды ұстағаннан кейін, дәретханаға барғаннан кейін қолды мұқият сабындап жуу);
- Тағам өнімдерін сатуға рұқсат етілген арнайы орындардан сатып алған жөн; балаларға қайнатылмаған сүт өнімдерін, шикі жұмыртқаны бермеу, тағам дайындауға тек балғын өнімдерді қолдану;
- Тез бұзылатын өнімдерді сақтау және дайындау шарттарын сақтау. Тез бұзылатын өнімдерді тоңазыту камераларында ұсынылған температуралық режимде сақтау. Тез бұзылатын өнімдерді (ет, балық,

тауық жартылай фабрикаттарын және т.б. ) дайындау кезінде жеткілікті термиялық өңдеуден өткізу;

- Көкөністерді, жеміс-жидектерді мұқият жуып, қайнаған сумен булау;
- Қайнатылған, бөтелкедегі немесе кепілдендірілген сапалы суды қолдану;
- Тұрғын үйді үнемі таза ұстау, желдетіп тұру, толық және ылғалды тазалау жүргізу;
- Шомылуға арналған арнайы орындарда шомылу;
- Жәндіктердің шағуынан қорғану мақсатында оларды үркітетін және жоятын құралдарды (репелленттерді және инсектицидтерді) қолдану ұсынылады, сондай-ақ үй-жайларда терезелер мен есіктерді міндетті түрде тормен жабу;
- Қауіпті инфекциялық ауру тіркелген елдерден келген кезде денсаулығыңыздың жай-күйін 21 күн бойы қадағалау ұсынылады, ал кез келген қызба ауруы, ішек инфекциясы, респираторлық немесе қандай да бір басқа симптомдар мен синдромдар пайда болған жағдайда барған еліңізді көрсетіп, дереу дәрігерге қаралу.